

ции и аспекты взаимодействия людей в их повседневной жизни часто повторяются и потому стереотипны. В свою очередь повторяемость и стереотипность жизненных ситуаций привели к образованию целых "шаблонных" фраз, которые в лингвистической литературе называются стереотипными высказываниями, предложениями-формулами, устойчивыми фразами общения.

Литература:

1. Абу Али Ибн Сина. Легендага айланган өмүр. Ф.: Кыргызстан, 1985.
2. Абдраманов Ш. Тарыхтагы тактар. Б.: 2011.
3. Баялинов К. Ажар. Фрунзе, «Кыргызстан», 1982.
4. Фармановская Н.И. Употребление русского речевого этикета. Москва., 1982.

5. Фармановская Н.И. Речевой этикет и культура общения. Москва, 1989.
6. Касымбеков Т. Сынган Кылыч. Б.: Кыргызстан, 1998. -712 б.
7. Карнеги Д. М.: Прогресс, 1989.
8. Убукеева А. Арнамыздынуулу. Ф.: 1979.
9. James Herriot. All Creatures Great and Small. Bantam Books. New York, 1980.
10. Paulo Coelho. Zahir. Washington, 1994.

* * *

Ар кай тилдердеги ризашылык билдирүүгө арналган макала. Кыргыз жана англистил мөдениетинин деризашылыктын колдануунун турларын. Макалада акыргыз жана англистилдердин дегири ризашылыктын салыстыруу анализин карастырган.

* * *

This article is devoted to gratitude expressions in different systemic languages. Types, usage and application of gratitude in Kyrgyz and English cultures. Article is given comparative analysis of Kyrgyz and English gratitude.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы шығармашылығы

Б. А. Абдуллина

С.Бөйүшев атындағы Ақтөбе университетінің магистранты, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихында өзінің ерекше шығармашылық өнерімен айқын із қалдырған әнші-ақындардың бірі – Ыбырай Сандыбайұлының шығармашылығы жайында сөз болады. Үкілі Ыбырай ән-өуендердегі ежелгі халықтық сарын мен сал-серілердің өнерпаздық дәстүрінің жалғастығы әсерлі баяндалады.

Қазақ ақындары - өз халқының перзенті, сондықтан да олар халық өмірінің өзекті құбылыстарын келістіре жырлауды мұрат етеді. Алдымен қоғамдық мәні бар оқиға-болмыстарды поэзияның сиқырлы тіліне аударып, сол арқылы оқырман сезімін оятады.

Өлең - әдебиеттің көне саласы, бірақ жасаған сайын жасара түсетін жанды саласы. Өлең ұрпақтан ұрпаққа көшіп, талай заманды, талай жанды таң қалдырып келе жатқан аса биік, парасат көзі. Өлеңнің тегі, тарихы, теориясы, құрылысы, әсері туралы түсінік, мағұлмат көне заманнан бері бар. Осының бәрінен поэзияның адам өміріндегі ерекше орны аңғарылады. Адамның күнбе-күнгі тіршілігінің, рухани қалпының сәулесі екені сезіледі. Сондықтан да поэзия сырына үнілу әр уақытта қызғылықты, әрі маңызды. Әсіресе, кешегі, соңғы заман поэзиясы қыры мен сыры мол дүние болып танылады. Сондықтан да сан алуан тілде туып жат-

қан поэтикалық шығармаларды түбегейлі зерттеу, оның әр заманға лайық қалпын, бағыт-бағдарын тексеру - әдебиет туралы ғылымның міндеті.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихында өзінің ерекше шығармашылық өнерімен айқын із қалдырған әнші-ақындардың бірі – Ыбырай Сандыбайұлы. Ол халық арасында және кейінгі ұрпаққа Үкілі Ыбырай деген атпен мәлім болған.

Ыбырай Сандыбайұлы 1856 жылы Ақмола облысының Көкшетау уезіне қарасты № 5 ауылда, Сандыбай бұлағында туған. Арғы атасы Сәбден батыр Абылайдың жорықтарына қатысқан. Сәбден батырлығымен қоса, он саусағынан өнер тамған зергерлігімен ел аузына ілігеді. Ыбырайдың қисса-дастандарды, тіпті «Мың бір түн» ертегісінің өзін өлеңмен жатқа айтуы – нағыз туа бітті таланттың ғана қолынан келетін іс. Ол өлеңді жазып шығармаған, суырыпсалма

ақын ретінде домбырамен сүйемелдеп, жатқа айтып таратқан.

Ыбырайдың ақын, әнші, сазгер болып қалыптасуына өзінің алдындағы Біржан сал, Орынбай, Ақан сері сынды әнші-ақындар мектебі айрықша әсер еткен. Ыбырай бала кезінде түсінде Нүркей, Орынбай ақындарды көріп, батасын алған екен. Кейіннен Нүркей ақынның қасына еріп жүрген өзімен замандас Балуан Шолақпен де дос болған.

Ыбырай Сандыбайұлының өмір жолы өзінің өлеңдерінен айқын аңғарылып отырады. Жасы ұлғайған шағына дейін ол өлең жазып, ән шығаруын бірде тоқтатқан емес. Үкілі Ыбырайдың артында мол мұра қалды.

Қазақ халқының рухани мұрасында сөз өнері мен саз өнері, яғни поэзия мен музыка, өлең мен әуен тығыз астасып жатыр. Ертерек кезеңде ақындардың әрбір өлеңі домбыраның немесе басқа да бір саз аспабының сүйемелдеуімен белгілі бір әуенге салынып орындалатын болған. Сол себепті де өлеңнің авторы ақындықпен қатар сазгерліктен де, әншіліктен де құралақан болмаған [1].

Ыбырай ең алдымен туған халқының аса бай ауыз әдебиетімен жете таныс болды. Ондағы тамаша дәстүрлерден нәр алды. Халықтың күнделікті өмір салты, әдет-ғұрыптары, дағдылары болашақ әнші-ақынның қалыптасуына аса зор ықпал етті. Халықтық әдеби мұрадан молынан сусындап өскен Ыбырай осынау өнердің қыры мен сырын, айналадағы табиғат көріністерін, аң қағудың қызықты да қызу сәттерін, аңшының ішкі сезімін әсерлі де нанымды суреттейді.

Үкілі Ыбырай нәр алған тағы бір тағылымды бастау – қазақтың ұлттық саз өнері, халықтың музыка мұрасы. Ыбырай жастайынан өнерге бейім болды. Келе-келе халық музыкасын жете меңгерді. Ақынның ән-әуендерінен ежелгі халықтық сарын, содан бергідегі Ақан сері, Біржан салдардың өнерпаздық дәстүрінің әсерлі іздері айқын байқалады. Тұтастай алғанда, Үкілі Ыбырайдың шығармашылық мұрасы сонау ауыз әдебиетінен бері қарайғы халықтың поэзия мен музыканың асыл қоспаларынан бастау алатын және оған қоса жаңа арналармен толығып, жаңарған, жаңғырған дария іспетті.

Ақынның шығармашылық мұрасының негізін сұлу сазды ән-өлеңдер құрайды. Өнерпаздың ел арасына тараған сұлу да ырғақты ән-өлеңдері аса мол. Атап айтқанда, Ыбырайдың шынайы суреткерлік талантын танытатын «Жиырма бес», «Шалқыма», «Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа», «Гәкку», «Маңмангер»

сияқты көптеген өлеңдерінде ақынның өз өмірінің айшықты тұстары әсерлі баяндалады.

Аралап таныс болдым ой мен қырға,

Ән салып ел ішінде болып жорға, -

деп «Шалқыма» әнін бастағаннан-ақ әншінің үміт-арманы мен асқақ тұлғасы көз алдына елестеп қоя береді.

Ыбырай – дала әртісі. Бұған дәлел – белгілі ғалым Е.Ісмайловтың «Әдебиет жайында ойлар» атты кітабында келтірілген Омар қарияның сөзі дәлел [2].

Ыбырай да Ақан серіге ұқсап, жүйрік тазы, алғыр құс ұстайды. Тап осындай қыран құс пен дала тағысының айқасын, аңшының психологиялық көңіл-күйін шебер мүсіндеген көркем лирика Абайдан кейінгі қазақ ақындарына үлгі болды.

Лирика – ақынның көңіл күйінің көрінісі. Демек, қай ақынның қандай өлеңін алып қарасақ та, одан ақын басындағы өмір кезеңдерінің белгілі бір сәтін көретініміз анық. Ондай өлеңдерді оқи отырып, ақын өмірбаянының кейбір тұстарын еске түсіретініміз заңды. Ақын өзінің лирикалық кейіпкерінің жай-күйі арқылы өз жанының сезім толғаныстарын, көңіл күйін бейнелейді. Үкілі Ыбырайдың ән-өлеңдерінде де осы қасиет айқын байқалады.

Ақынның жастық шақ, махаббат жайындағы ән-өлеңдері ерекше бір сырлы сезімге толы болып келеді. Ыбырайдың қаламынан сұлу ырғақты, жаңа үнді терең мазмұнды күрделі лирикалық өлеңдер туады. Сондай шығармаларының бірі - «Қарақат көз». Бұл өлеңінде ақын халықтық поэзия дәстүріндегі суреттеу тәсілдерін орайымен пайдалана отырып, ару қыздың тартымды тұлғасын, сұлу сипатын аса нанымды бейнелеп берген. Үкілі Ыбырай өлеңінде осы тәрізді көркем суреттер өте көп. Ол өлеңдегі көркем сөздің ұйқасын, айтылуы мен естілуін, әнді орындаудағы екпін ырғағын дыбыстың сан алуан толқындарына бағындыра білген. Ол адам жанының тереңінде жатқан күпия сырларын қозғайтын ойнақы сөздер мен үнді және әдемі әуендерді шебер мәнерлей білген.

Сан қырлы өнерпазға тән құбылмалы мінез дағдылары Ыбырайдың ән-өлеңдеріне де әсер етпей қалмаған. Сол себепті оның әндері мен жырлары бірде қайралған қылыштың жүзіндей өткір, енді бірде ойнақы әзілге толы, ал кейде терең философиялық иірімдерге бай болып келеді. Ақынның туындыларында өмірдің, адамның жарастықты көркем қалыптары, жастық шақтың нәзік сырлары әдемі өріліп жатады. Өзінің шығармаларында ол, негізінен, замандастарының жан дүниесін, сезім әлемін жыр-

лайды. Бұл оның шығармашылығындағы ең өзекті тақырыптардың бірі.

Ыбырай – сұлулық, ғашықтық сезімдерді тамаша жырлаған ақын. Осы тақырыптағы өлеңдері әуенсіз-ақ сыңғырлап, жаныңды жадырата түседі. Сондай сұлу туындылардың бірі- «Гәкку». Әннің шығуына Үкілі Ыбырайдың жеке басындағы нақты жағдай себеп болған. Ақынның өзінің ғашық жанына деген кіршіксіз таза сезімін, ынтықтығын жыр жолдарын түсіріп, ғажайып әуенмен көмкереді. Қарап отырсақ, бұл шығармада шын мағынасындағы күдіретті поэзия мен мәртебелі музыка толық үйлесім тапқан. Лирикалық кейіпкер бірде ғашығын айдын көлде кербездене таранған аққуға бала-ласа, бірде дарияның ортасында толықси сырғыған қоңыр қазға ұқсатады. Енді бір сәтте әсем әуен сикырына қорғасындай балқып отырған сұлу қызды көреді.

Үкілі Ыбырай – айтыскер ақын, ол өзінің ұстаздары Біржан, Ақан, Орынбай, Нүркей, Шөже т.б. ақындарымен кездескенде, үнемі өлеңмен амандасып, зілсіз сөз қағысады екен. Ыбырайдың белгілі айтыстары бар. Ол – Құдайберген, Доскеймен және Есімбет ақындармен айтысы. Доскеймен айтысы, осы жанрдың қалай туып, қалай өрбуіне айқын айғақтың бірі. Оның суырыпсалма ақындығында мөлшер жоқ сияқты. Аузынан шыққан сөздердің өлшемі, ырғағы, үйлесі қалайша дәл түсе беруіне қайран қаласың. Бұл жағынан өлеңнің тынымсыз ағып жатқан өзені сияқты. Ол мақтауын да, сынауын да қатар жүргізеді мысалы, Шериді мақтағанда аспандатып жібереді де, жамандағанда жерге кірер жарықшақ таптырмады. Сол өлеңдер үстінде байқататыны: әр рудың тарихына, белгілі адамдарының жақсы-жаман қылығына жетік, ондай мәліметтерді қайдан жинауына, қалай көп білуіне таң қаласың. Сонымен қатар Есімбетке Ыбырай өзін таныстырғанда кім екенін айтып былайша өлеңдетеді:

Есеке, Арғын болсаң жақыныңмын,
Олжа алған осындайда батырыңмын.
Атығай, Қарауылдан шығып жүрген,
Ыбырай бесті жүйрік ақыныңмын, -
дей келіп,

Өлеңге өлең сата келгенім жоқ,
Өзімде өлең десең он екі арба, -
деп бұл жағынан байлығын да айтып қояды.

Жасы ұлғайып, ел ағасы атанған шағында Ыбырай заман туралы, өмір жайлы терең толғаныстарға толы философиялық туындылар жазады. Өйткені Ыбырай секілді көкірек көзі ояу да сергек талантты тұлғалар елдің басындағы,

халқының тағдырындағы әр алуан ахуал-күйлерді, ауыртпалықты көрмеуі, түсінбеуі, оған көңіл аудармауы, күйзелмеуі әсте мүмкін емес. Осындай сезім-күйлердің ізімен Ыбырай да бірқатар шығармалар жазған. Оның артында көптеген әндері мен өлеңдері қалды. Ол 1921 жылы «Мың бір түн», «Тотының тарауы» сияқты әңгімелерді дастан етіп айтып жүрген. Ыбырайдың әндері біздің заманда үлкен беделге ие болды. Оның «Гәккуі» «Қыз Жібек» операсында Жібектің негізгі ариясы. Сондай-ақ, Ыбырайдың «Ауа райы» «Ер Тарғын операсында» Ақжүністің әні болып енді. Мұның бәрі де дарынды композитор, асқан әнші Ыбырайдың шығармашылығында заманның алдын ораған прогрессивтік тілі, демократиялық негізі болғандығын дәлелдейді.

Жалпы, ақын-жырауларда әншілік қасиет, орындаушылық қабілет, композиторлық бейімділік, сан қырлы икемділіктер бар. Осындай қасиеттер өлеңнің мазмұны мен түріне жылуы мен жарығын тегіс таратып, мол төгеді. Өлеңнің музыкалық дыбыстарға, сұлу ұйқасымдарға, әуезді ырғаққа құрылуы - ақындық болмыстың ішіндегі әншілік, орындаушылық өнермен сабақтас. Орындаушылық шеберлікті айтқанда, әсіресе, ақынның сәнді қимыл-қозғалыстары, от шашқан көздері, кей кезде қасты қозғап, кірпігін қағып-қағып өзгеруі, бас-аяқ, қолдың, бүкіл дененің көңіл-күймен, сөз бейімімен, ән ырғағымен үндесе аса бір сәндікпен қозғалуы, үкілі домбырасын ырғап немесе аспанға атып қағып алуы - осының бәрі де жырдың толқынды ырғағына бағынады.

XX ғасырдың басындағы қазақ топырағындағы тарихи-экономикалық және әлеуметтік-рухани өзгерістер, патша тарапынан жүргізіліп келген отаршылдық саясат ақынның көңіл-күйі мен өмірлік көзқарасына әсер етпей қалмады.

Ыбырай - өз заманының өнер жұлдызы. Ол қазақтың халықтық музыкасын дамытуда қаншалықты биікке көтерілсе, лирикалық өлеңдерімен қазақ поэзиясында да елеулі орны бар ақын. Айшықты әуен мен оның сөзін өзара әсем үндестікте жеткізе білу - әнші ақынның асқан шеберлігі. Үкілі Ыбырайдың інжу-маржандай сұлу сазы, ерке назды ән-жырлары халқымыздың рухани мұрасына қосылған сүбелі үлесі [3].

Сонымен, XIX ғасырдағы дәстүрлі ақындар поэзиясы халық арасында айрықша кең тыныс таты және бұл сал-серлік өнер фольклор нысаны ретінде көрінуімен қатар, жаңа лирикалық көңіл-күй, сезім жырларының ғажап үлесі. Ақындар поэзияның күрделі әлемін құрайтын

ауыз әдебиетіне тән өрнектерді, дәстүр мен мәдени сабақтастықты анықтау, ортақ және даралық ерекшеліктерді тану, халықтық, эстетика, фольклордың көркем түрі мен мәнерлі де бейнелі сөз жасаудың эволюциясы, өзіндік стиль, ұлттық дүниетаным табиғаты сияқты мәселелерді зерттеудің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Ысмайлов Е. Ақындар. Алматы, 1956 ж.

2. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 2 т., А.1979, 191-193бб.
3. Қазақ халқының көне шежіресі. Қазжан Сұрғановтың қолжазбаларынан.

В статье рассматривается творчество поэта-музыканта Ибрая Сандыбайулы, оставившего след в истории литературы и искусства.

The article touches upon the creative activity of the poet and the musician Ibrai Sandibaiuly who made great contribution into literature and history of art.

Қазақ драматургиясының зерттелу жолдары

А. Абжалова

Сүлейман Демирел университетінің магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада 30-40 жылдар аралығындағы «Ұлы Отан Соғысы және соғыстан кейінгі жылдары» Совет драматургиясының жақсы үлгілері саналған шығармалардың аудармалары тарқатылады. Оны сахналаған сәтте кездесетін қиындықтар және олардың ұлттық нақышта ерекшеленуі жайында айтылады. Драма өнері мен әдебиеттің арақатынасы ашылуы, жалпы драматургия тарихына шолу жасалып, тәуелсіздік кезең драматургиясына талдау жүргізіледі.

Қазақ әдебиетінің тамыры терең театрмен сабақтас саналатын жанрының бірі - драматургия саласы екені баршаға аян. Ол сонымен бірге, театр өмірінің шешуші құралы іспеттес. Драматургия тартымды тартысты болса сахналанған көрініс те көрермен тарапынан жақсы бағаға ие болары сөзсіз. Драматургия саласының әдебиеттің басқа жанрларынан артық ерекшелігіне тоқталсақ: - ол адамның жан дүниесіндегі асқақ сезімдер мен жалынды сан-салалы арпалыстарын психологиялық сипатта көрініс тауып, кісінің жан-жарасын көрерменге табиғи түрде бере білу, өмірдегі мәселелерді айқын да шынайы бейнелеп жеткізу болып табылады. Яғни драмалық шығармалар- екі бағытта өрбиді. Алғашқысы - көркем әдебиет қалпындағы нұсқасы болса, кейінгісі- оның сахналық тұрғыда көрініс табуы. Бұл екеуін бір-бірінен ажыратып қарастыруға болмайды. Себебі, драма-сахна үшін де көркем шығарма үшін де аса рухани құнды жанр болып табылады. «Театрдың жаны- драма»- деп Гоголь айтқандай, драмалық шығармасыз сахналық өнердің тууы мүмкін емес! Әдебиетте күн санап дамып

келе жатқан драмалық шығармалар қоғамда өз бағасын алууда.

Ұлттық нақышта бастау алған драмалық шығармалармен қатар, Кеңестік пьесалардан бөлек классик пьесалардың аудармалары сахналана бастады. Оларды қою арқылы, ең алдымен қазақ халқының жұртшылығын неше алуан тарихпен, сан алуан ұлттарды, қоғамдардың, топтардың өмірімен таныстырды. Атап айтсақ: К. Треневтің «Любовь Яровая», классикадан Гогольдің «Үйлену», «Ревизор» т.б. пьесаларды қойып азды-көпті тәжірибе алмасып пайдалы нәтижелер алуға болады деген көзқарас болғанмен 1930 жылы алғашқы жартысында аударма пьесаларды қоюға театрлар ерекше мән бере бастады.

Негізі-драматургияның тапшылығынан болса керек, дегенмен, аударма дүниелер қазақ сахнасында көрермен жүрегіне бірден жол таба алмады. Қазақтың қаны тұла бойында тұнған ұлтшылдарымыз пьесалардың қабылдауына мүмкіндік бермей, тікелей қарсы шығып, ұлттық санаға кереғар деген пікір топшылағанмен ол күрес ұзаққа бармады. Себебі: «Туған